

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX Astana Economic Forum

**PART I**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент  
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978-9965-31-762-0**

**ISBN 978-9965-31-762-0**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

## СЕКЦИЯ II. ҚР ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ РОЛІ

### СЕКЦИЯ II. РОЛЬ ФИНАНСОВОГО СЕКТОРА РК В ОБЕСПЕЧЕНИИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

#### SESSION II. THE ROLE OF KAZAKHSTAN'S FINANCIAL SECTOR IN PROMOTING ECONOMIC GROWTH IN TERMS OF GLOBALIZATION

#### ИНДУСТРИАЛДЫ ЕЛДЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫНЫҢ РЕЖІМДЕРІ

*Мақыш С.Б., Бердіғалиева А.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: makysh.sb@enu.kz, asema\_92\_16@mail.ru

Индустриалды елдердің Орталық банктерінің және Қазақстанның Ұлттық банкінің жүргізетін ақша-несие саясаты бұл мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды бөлшегі болып табылады. Бұл саясатты монетарлық саясат деп кейде атауы, ол көптеген жағдайда оның ақша массасы мен пайыз мөлшерлемелерін басқарумен байланысты болуында делінеді [1].

Үлкен экономикалық сөздікте: «ақша-несие саясаты бұл экономиканың тұрақты, тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге және ақша жүйесін қалыпты жағдайда ұстап отыруға бағытталған ақша айналысы мен несие саласындағы мемлекеттің жүргізетін курсы мен іске асыратын іс-шаралары түсіндіріледі

Кез келген мемлекеттің даму жағдайына және сыртқы факторларға байланысты Орталық банктер ақша-несие саясатының режимдерін қолдануы мүмкін. Әлемдік орталық банктер тәжірибесінде ақша-несие саясатының режимдеріне мыналар жатады: валютаның айырбас бағамын таргеттеу режимі; номиналды зәкірсіз ақша-несие саясатының режимі; ақша агрегаттарын таргеттеу режимі; инфляциялық таргеттеу режимі.

Индустриалды елдердегі ақша-несие саясатының режимдерінің ішінде валютаның айырбас бағамының қолданылысы, инфляциялық таргеттеу режиміне қарағанда соңғы жылдары тарылып отырғанын көруге болады. Нысаналы ақша агрегаттарының режимдері ұзақтығы да 2002 жылдармен шектеледі (1-сурет) [2].



Сурет – 1. Индустриалды елдердегі ақша-несие саясатының режимдері

Валютаның айырбас бағамын таргеттеу режимі бұл инфляция деңгейі төмен елдің валютасына қатысты ұлттық валютаның айырбас бағамын белгілеуді немесе шегінде ұлттық валютаның айырбас бағамы еркін қозғалатын көлденең және көлбеу дәлізді белгілеуді немесе сауда әріптес елдердің валюта қоржынына қатысты нақты айырбас бағамын таргеттеуді көздейді.

Валютаның айырбас бағамын таргеттеу инфляцияның жоғары деңгейін жылдам және тиімді түрде төмендетуге мүмкіндік береді, бұл дағдарыс кезеңдерінде өзекті болып табылады. Егер ұлттық валюта құнсызданса, ақша-несие саясаты қатандатылады және керісінше – ұлттық валюта құнының өсуі саясатты жұмсартуды талап етеді.

1998 жылғы дағдарыстан соң инфляциялық таргеттеу режимін қолданатын елдердің үлесі ұлғайған кезде валюталық таргеттеуді қолданатын елдердің үлесі күрт төмендеді. 2000 жылдардың басынан бастап орталық банктердің ақша агрегаттарын таргеттеуі іс жүзінде қолданылған жоқ алайда басқарылатын айырбастау бағамының «аралас» режимін және көп мақсаттылықты қолданатын елдер санының өскендігі байқалады.

Валютаның айырбас бағамын таргеттеудің айқын еместігі проблемаларын шешудің басқа әдісі долларландыру, яғни АҚШ долларын қатты валюта ретінде елдің валютасы ретінде қабылдау болып табылады. Долларландырудың негізгі артықшылығы – ұлттық валютаға алыпсатарлық шабуылдардың мүмкіндігін алып тастау. Валюталық таргеттеудің басқа да кемшіліктері болған кезде долларландыру елдің Орталық банкінің үкіметтің ақша шығарудан алатын кірісін жоғалтуын болжамдайды. Артықшылықтармен қатар, валютаның айырбас бағамын таргеттеудің бірқатар күрделі кемшіліктері бар. Алыпсатарлық шабуылдар жағдайында бағамды қолдау қажеттігі алтынвалюта резервтерінің айтарлықтай төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Айырбастау бағамы бойынша мақсатты белгілеу қысқамерзімді уақыт аралығында міндеттерді шешуге бағытталды. Тұрақты айырбастау бағамының ұзақ мерзімді үрдістерге ықпалы бір мәнді болып табылмайды, себебі номиналдық бағамның тұрақтылығы нақты бағамның тұрақтылығын қамтамасыз етпейді, ал шикізат тауарларына бағаның құбылмалылығы жағдайларында оны қайта бағалау ықтималдылығы жоғары болып қалды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі шикізат бағаларының, соның ішінде мұнай бағасының әлемдік нарықта күрт төмендеуін ескере отырып, сондай ақ алтын валюта резервін сақтау мақсатында 2014 жылдың 20 тамызынан ҚР еркін өзгермелі бағам режиміне ауысты.

Номиналды зәкірсіз ақша-несие саясатының режимі орталық банктердің номиналды көрсеткіштердің нақты мәндеріне қол жеткізу бойынша кез келген міндеттемелерді қабылдаудан бас тартуын көздейді. Сонымен қатар, орталық банктер ұзақмерзімді мақсаттарын (экономиканың тұрақты өсуі, жұмыспен жоғары деңгейде қамтылу, төмен инфляция) ғана жариялай отырып, ресми түрде жарияланбайтын аралық бағдарды белгілейді.

Орталық банктердің халықаралық тәжірибесінде ақша-несие саясатын іске асыру кезінде, әдетте, белгілі номиналдық зәкір – валюта бағамы бойынша нысаналы бағдар, не инфляция, не ақша агрегаты пайдаланылады.

Осы уақытта АҚШ-та қандай да бір анық номиналдық зәкірді қолданбай-ақ жақсы макроэкономикалық көрсеткіштерге қолжеткізу мүмкіндігін көрсетеді. Бұл АҚШ-та ақша-кредит саясатын жүргізудің келісілген саясатының жоқ екендігін білдірмейді, бұрыштың басында ұзақмерзімді кезеңде инфляцияға бақылау жасау тұр.

Көптеген жылдары инфляцияның деңгейі төменгі деңгейде тұрған дамыған елдерде инфляциялық процестер өте пәрменді деп саналады. Бұл ақша-кредит саясатының шаралары және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу арасындағы ұзақ уақытша кешіктірілуге себепші болды – шығарылым көлеміне әсер ету үшін бір жылға жуық және инфляцияға әсері үшін екі жылға жуық.

Ақша агрегаттарын таргеттеу режимі ақша агрегаттарын аралық мақсат ретінде пайдалану арқылы бағаның тұрақтылығына қол жеткізуге бағытталған. Бұл режим кезінде

ақша-несие саясатының негізгі күш-жігері ақша агрегатының өсу қарқынын нысаналы деңгейде ұстап тұруға бағытталған.

Ақшалай таргеттеу режимі 1970 жылдары Ұлыбритания, Канада, Жапония, Германия, Швейцария, АҚШ сияқты дамыған елдердің орталық банктерінің арасында ерекше жариялылыққа ие болды.

Ақшалай таргеттеу жоғары инфляцияны ауыздықтау үшін өтпелі экономикасы бар елдерде пайдаланылады. Ақшалай таргеттеудің негізгі артықшылығы валюталық таргеттеумен салыстырғанда ол орталық банкке ақша-кредит саясатын сыртқы күйзелістерге қарамастан экономиканың ішкі қажеттіліктеріне сәйкес келтіруге кеңінен мүмкіндіктер беретіндігін білдіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша агрегаттарын таргеттеуді 2000 жылға дейін жүргізуде тәжірибесі бар. Осы режимнен бас тартудың негізгі себебі оның тиімсіздігі. Ақша базасының өсу қарқыны инфляция серпініне сәйкес емес, яғни олардың арасында тұрақты өзара байланыс байқалған жоқ. Сол себепті, ақша базасы инфляция деңгейін төмендету үшін ақша-несие саясатының аралық бағдары болып қызмет ете алған жоқ.

Инфляциялық таргеттеу режимі ортамерзімді болашаққа инфляция бойынша сандық мақсаттың көпшілікке жария етілуін және Орталық банктің ағымдағы инфляцияны ақша-несие саясаты құралдарының көмегімен оның нысаналы көрсеткішіне сәйкес келтіруге бағытталған іс-қимылын көздейді.

Инфляциялық таргеттеуге өткен елдерде ақша агрегаттарын таргеттеуге бағытталған елдерге қарағанда біршама макроэкономикалық тұрақтылық артықшылықтары орын алады. Инфляциялық таргеттеудің салдарынан туындайтын артықшылықтар негізінен ақша-несие саясатының тансмисионниондық тетіктерінің өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

2002 жылға дейін Ұлттық банк ақша-несие саясатының бағыттарын бір жылға анықтап келсе, 2002 жылдан бастап, алдағы үш жылға алдын-ала анықтау тәжірибесіне көшті және әр жыл өткен сайын өзгерістерді ескеріп, оған Ұлттық банк пен ҚР Үкіметі бірге түзетулер енгізеді [3].

Мұндағы негізгі мақсат - біртіндеп инфляциялық таргеттеу қағидаттарына өту, яғни ақша базасы мен алтын-валюта резервтері бойынша мақсатты көрсеткіштерден инфляция бойынша мақсатты көрсеткіштерге көшу.

Қазақстанда инфляциялық таргеттеуді таңдау ұлттық экономиканың ерекшеліктеріне байланысты болды, ол шағын, ашық экспортқа бағдарланған болып жіктеледі. Инфляциялық таргеттеу басымдықтарының оның кемшіліктерінен асып түсуі, сондай-ақ осы режимді қолданудың кемшіліктерін, оның ішінде макропруденциялық реттеу шаралары арқылы басу мүмкіндігі оны Қазақстанда енгізу үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі ақша-несие саясаты Ұлттық Банктің инфляцияны ортамерзімді перспективада 3-4%-ға дейін төмендетуге бағытталған 2020 жылғы дейін инфляциялық таргеттеуді енгізу жөніндегі шаралар кешенін қамтиды.

Инфляциялық таргеттеу режимін қолданатын орталық банктер үшін операциялық мақсат нарықтық пайыздық таргеттелетін мөлшерлеме болып табылады. Орталық банк ақша-несие саясатының нарықтық сипаттағы құралдарын осы пайыздық мөлшерлемені нысаналы деңгейде ұстап тұру үшін пайдаланады.

Ақша-кредит саясатының операцияларын шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

- өтімділік беру және алу бойынша негізгі операциялар (ашық нарықтың операциялары). Орталық банктің бастамасы бойынша аукциондық негізде стандартты мерзімдермен өткізіледі.

- ұзақ мерзімді операциялар. Неғұрлым ұзақ мерзімдері бар негізгі операцияларға ұқсас болып табылады.

- өте мұқият реттелген операциялар. Күтпеген өтімділік күйзелістерді бейтараптандыру үшін жалпы немесе екіжақты негізде, стандартты мерзімдермен пайдаланылады.

- құрылымдық операциялар. Бағалы қағаздарды аукциондық немесе екі жақты негізде сатып алу/сату немесе шығару.

- тұрақты қолжетімді (тұрақты тетігі бар) операциялар). Ашық нарық операцияларының нәтижесінде қалыптасқан өтімділіктің көлемін түзету үшін пайдаланылады. Бұл операциялар айыппұлды пайыздық мөлшерлемелер бойынша банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

- ең төменгі резервтік талаптар. Құрылымдық артық өтімділікті реттеу құралы ретінде пайдаланылады.

Инфляциялық таргеттеу режимінде Ұлттық Банктің операциялық мақсаты үшін таргеттелетін нарықтық пайыздық мөлшерлеме болып табылады. Осы операциялық мақсатқа қол жеткізу ашық нарықтың тұрақты қолжетімді операциялары арқылы, сондай-ақ ең төменгі резервтік талаптардың тетігі арқылы жүзеге асырылады.

Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу режиміне көшуге арналған пайыздық арнаны күшейту жөніндегі шаралар шеңберінде жаңа «базалық» пайыздық мөлшерлемені енгізуді жоспарлап отыр. Ақша-несие саясатының қалған құралдарының пайыздық мөлшерлемелері базалық мөлшерлемеге байланыстырылған. Бұл ретте, тұрақты қолжетімді операциялар бойынша пайыздық мөлшерлемелер ақша нарығының мөлшерлемелері ауытқуының жоғарғы және төменгі шектерін қалыптастыратын болады [4].

Ұлттық Банктің ақша-несие саясаты қатаңдатылған немесе әлсіреген жағдайда базалық мөлшерлеме тиісінше көтерілуі немесе төмендеуі мүмкін, бұл қалған пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне алып келеді. Тұрақты қолжетімді операциялар бойынша пайыздық мөлшерлемелерінің жоғарғы және төменгі шектері сондай-ақ ақша нарығы мөлшерлемесінің құбылмалығына қатысты қайта қарауға жатады.

Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу режимінде ақша-несие саясатының келесі құралдар тізімін қолдана алады, бірақ олармен шектелмейді (1 кесте).

#### Кесте 1

Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу режимінде ақша-несие саясатының келесі құралдар тізімі

| Мақсаты          | Құралдың түрі                    | Құрал  | Кепілмен қамтамасыз етілуі | Өткізу кезеңділігі        | Беру/алу мерзімі |
|------------------|----------------------------------|--|----------------------------|---------------------------|------------------|
| Өтімділікті беру | тұрақты қол жеткізу операциялары | ҚҚБ-дағы валюталық своп                                    | АҚШ доллары                | банктердің сұрауы бойынша | 1 күн            |
|                  |                                  | ҚҚБ-дағы кері РЕПО   | МБҚ                        | банктердің сұрауы бойынша | 1 күн            |
|                  | ашық нарық операциялары          | ҚРҰБ бағалы қағаздарды кері сата отырып сатып алу аукционы | ломбардтық тізім           | күнделікті                | 7 күн            |
| Өтімділікті алу  |                                  | ҚРҰБ ноттарының аукционы                                   | -                          | апта сайын                | 28 күн           |
|                  | тұрақты қол жеткізу операциялары | ҚҚБ-дағы тікелей РЕПО                                      | МБҚ                        | банктердің сұрауы бойынша | 1 күн            |
|                  |                                  | ҚРҰБ-ның депозиттері                                       | кепілсіз                   | банктердің сұрауы бойынша | 1, 7 күн         |

Ұлттық Банк пайыздық дәліздің ішіндегі ақша нарығы мөлшерлемелерінің күрт және айтарлықтай ауытқуларын болдырмау мақсатында «өте мұқият реттелген» операцияларды жүргізе алады. Банк секторы өтімділігінің жай-күйін бағалау нәтижелері бойынша Ұлттық

Банк қажет болған жағдайда «өте мұқият реттелген» операциялар өткізу туралы шешім қабылдай алады.

Ең төменгі резервтік талаптардың тетігін орталық банктер банк жүйесіндегі өтімділікке сұраныс тарапынан ықпал ету үшін қолданады. Резервке алу нормасын өзгерте отырып, орталық банк резервке алынатын активтердің көлеміне ықпал етеді және, осы арқылы, банктердің кредиттеу бойынша белсендігін реттейді. Осылайша, резервтік талаптар жүргізілетін ақша-кредит саясаты шеңберінде банк секторындағы өтімділікті және ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер деңгейін реттеудің қосымша құралы болып табылады.

Инфляциялық таргеттеу режимі қолданылатын орталық банктерде, әдетте, тікелей құралдар, оның ішінде ең төменгі резервтік талаптардың тетігі жеткілікті түрде сирек пайдаланылады. Жекелеген елдерде бұл құрал пайдаланылмайды (Ұлыбритания, Австралия, Жаңа Зеландия, Швеция, Канада). Басқа елдерде ең төменгі резервтік талаптардың тетігі белсенді түрде пайдаланылмайды, міндетті резервтердің нормативтері жиі түзетілмейді. Чехияда нормативтер инфляциялық таргеттеуді енгізу кезінде өзгерді және 1999 жылдан бастап олар өзгерген жоқ. Дамушы елдерде осы құрал барынша белсенді болып қалып отыр, олар ақша және валюта нарығында құбылмалылықтың жоғары деңгейімен сипатталады.

2015 жылы Ұлттық Банк резиденттік және мерзімдік қағидатты сақтай отырып валюталардың түрлері (ұлттық және шетел валютасымен) бойынша міндеттемелерді бөлуді енгізу арқылы резервтік міндеттемелердің жан-жақты құрылымы енгізді. Банктердің өтімділікті басқару жөніндегі мүмкіндігін жақсарту үшін орташа алынған қағидатты сақтай отырып ең төменгі резервтік талаптарды есептеу тәртібі өзгертілді.

Ортамерзімді перспективада Ұлттық Банк теңгелік құралдардың тартымдылығын, оның ішінде ақша-несие саясаты құралдарының тізбесін және олар бойынша кепілдік қамтамасыз етуді кеңейту арқылы арттыруға бағытталған пайыздық саясат жүргізуді жалғастырады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мишкин Ф. Экономическая теория денег, банковского дела и финансовых рынков : учебное пособие для вузов / Ф. Мишкин ; пер. с англ. Д. В. Виноградова под ред. М. Е. Дорошенко. – М. : Аспект Пресс, 1999. – 820 с.
2. Борисов, А. Большой экономический словарь / А. Борисов. – М. : Книжный мир, 2003. – 895с.
3. Қазақстан Республикасының 2002 ж арналған ақша-несие саясатының негізгі бағыттары.
4. Қазақстан Республикасының 2020 ж арналған ақша-несие саясаты// Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы «24» сәуірдегі № 67 қаулысы.

## **ФИНАНСОВЫЕ АСПЕКТЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ РЕАЛЬНОСТИ**

***Кучукова Н.К.***

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,

г.Астана, Казахстан

E-mail: nkuchukova@mail.ru

Экономический рост Казахстана в последнее десятилетие обеспечивался в основном за счет ускоренного роста нефтедобывающего сектора. Сырьевая модель экономики позволила провести быструю стабилизацию экономики и в 1996 году экономика показала первый рост после пятилетнего падения.

За последние десять лет Казахстан испытал на себе влияние двух мировых финансово-экономических кризисов 2007-2009 гг. и 2014-2016 гг. Сегодня на экономику Казахстана